


ДӘРІС 7

ЖАЗЫҚ МЕХАНИЗМНІҢ ЖҰПТАРЫНДАҒЫ РЕАКЦИЯЛАРДЫ ТАБУ

- 1 және 2 мүшелер IV класты жұп құрсын




$$|R_{12}| = |-R_{21}|$$

R_{21} - 2 мүшенің 1 мүшеге реакциясы

R_{12} - 1 мүшенің 2 мүшеге реакциясы

3 және 4 мүшелер V класты айналу жұбын құрады – B топса




R_{34}^n - 4 мүшеге параллель

R_{34}^τ - 4 мүшеге перпендикуляр

$$\bar{R}_{34} = \bar{R}_{34}^n + \bar{R}_{34}^\tau$$

- 5 және 0 мүшелер V класты ілгерлемелі жұп құрсын



N_{05} - 0-ші мүшенің 5-шіге реакциясы

N_{05} - (Ox) бағыттаушыға перпендикуляр

Күштік талдауда тепе-теңдіктің үш теңдеуі қолданылады

$$\begin{cases} \Sigma X = 0, \\ \Sigma Y = 0, \\ \Sigma m_o(P) = 0 \end{cases} \quad \begin{array}{l} \text{Мүшелердің инерция күштерін есепке ала отырып,} \\ \text{кинематикалық жұптардағы реакциялары анықтау жұмысын} \\ \text{кинетостатикалық есеп деп атайды.} \end{array}$$

Күштік талдау келесі баптардан тұрады:

1. Механизм кинематикалық кескіннің мүшелеріне сыртқы күштерін анықтап ($G, P_{n.k.}, P_c \dots$), сәйкес нүктелеріне тіркейді.
2. Кинематикалық талдаудан кейін мүшелердің инерция күштерін анықтайды және оларды сәйкес нүктелеріне тіркейді.
3. Жетекші мүшеден ең алыс Ассур тобын тіректен және көршілес топтан бөліп алып, олардың кинематикалық жұптардағы ықпалын реакциямен ауыстырады.
4. Бөлек мүшенің немесе топтың тепе-теңдік сауалынан белгісіз реакцияларды анықтайды.
5. Бірітіндей жетекші мүшеге жақындай келе, келесі топтарға 3 және 4-баптарды орындайды.
6. Механизмнің күштік есебі жетекші мүшеге қойылған теңестіру күшін анықтаумен аяқталады.